

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 16/155 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 қаңтарда № 2339 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 21.10.2016 № 5/58 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 17.05.2016 № 2/23 шешімімен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Зандарына, сондай-ақ " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылдың 21 мамырындағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Ақтау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту.Кіріспе жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 03.02.2015 № 27/261 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ оны көрсету еселігі бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына атаулы және мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері белгіленсін.

3. Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 28 мамырдағы № 37/323 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылы 04 шілдеде № 11-1-57 болып тіркелген), 2008 жылғы 01 сәуірдегі № 7/68 "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 28 мамырдағы № 37/323 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылы 30 сәуірде № 11-1-81 болып тіркелген), 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 15/141 "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 28 мамырдағы № 37/323 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылы 25 желтоқсанда № 11-1-101 болып тіркелген), 2009 жылғы 16 қазандағы № 24/222 "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 28 мамырдағы № 37/323 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылы 20 қарашада №11-1-118 болып тіркелген), 2010 жылғы 06 сәуірдегі № 31/266 "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 28 мамырдағы № 37/323 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылы 27 сәуірде № 11-1-132 болып тіркелген), 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 42/386 "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 28 мамырдағы № 37/323 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылы 27 мамырда № 11-1-155 болып тіркелген), 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 6/61 "Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 28 мамырдағы № 37/323 "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылы 01 қазанда № 2161 болып тіркелген) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Қалалық мәслихат аппаратының басшысы (Д.Телегенова) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның интернет-ресурста жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалысын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік

мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (С.Шудабаева).

6. Осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

Ж.Жолдасбаев
М.Молдағұлов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтау қалалық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г. Хайрлиева

12 желтоқсан 2013 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтау қалалық экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

А. Ким

12 желтоқсан 2013 жыл

Қалалық мәслихаттың
2013 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 16/155 шешіміне 1 қосымша

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 06.06.2014 № 21/198 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№ р/р	Күні	Мемлекеттік мерекелер және атаулы даталар	Төленетін мерзімі
1	21-23 наурыз	Наурыз мейрамы	Жылына бір рет
2	26 сәуір	1986 жылғы Чернобыль атом электр станциясындағы апат күні	Жылына бір рет
3	1 мамыр	Қазақстан халқының бірлігі мерекесі	Жылына бір рет
4	9 мамыр	Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні	Жылына бір рет
5	1 маусым	Балаларды қорғау күні	Жылына бір рет
6	30 тамыз	Қазақстан Республикасының Конституция күні	Жылына бір рет
7	6 қазан	Қазақстан Республикасының мүгедектер күні	Жылына бір рет
8	1 қазан	Халықаралық қарттар күні	Жылына бір рет
9	16-17 желтоқсан	Тәуелсіздік күні	Жылына бір рет

Қалалық мәслихаттың

Ескерту.2-қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 17.05.2016 № 2/23 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері

№ п/п	Атаулы және мерекелік күндер	Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары	Әлеуметтік көмек мөлшерлері
1	21-23 наурыз – Наурыз мейрамы	"Алтын алқа", "Күміс алқа" салпыншақтарымен марапатталған көп балалы аналар немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежедегі "Ана даңқы" орденімен марапатталғандарға	2 айлық есептік көрсеткіш
		Барлық топтағы мүгедектер, 16-18 жастағы барлық топтағы мүгедек балалар, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушыларға	5 айлық есептік көрсеткіш
2	26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апат күні	Чернобыль АЭС-сіндегі апаттың салдарынан мүгедек болып қалғандарға	60 айлық есептік көрсеткіш
		1986–1987 жылдардағы Чернобыль АЭС-ндегі апат зардаптарын жоюға қатысушыларға	50 айлық есептік көрсеткіш
		1988–1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апат зардаптарын жоюға қатысушыларға	20 айлық есептік көрсеткіш
3	1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі	Барлық топтағы мүгедектер, 16-18 жастағы барлық топтағы мүгедек балалар, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушыларға	5 айлық есептік көрсеткіш
		Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне	100 айлық есептік көрсеткіш
		Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан теңестірілген адамдарға (Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарынан мүгедек болып қалғандарынан басқа)	60 айлық есептік көрсеткіш
		Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан теңестірілген адамдарға (1986-1987 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апат зардаптарын жоюға қатысушылардан басқа)	50 айлық есептік көрсеткіш
		Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар	40 айлық есептік көрсеткіш
		Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы арнайы	40 айлық

4	9 мамыр – Жеңіс күні	<p>мемлекеттік жәрдемақы туралы" Заңының 4 бабының 2) тармақшасында көрсетілген Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері</p>	есептік көрсеткіш
		<p>Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары; Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары; сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары</p>	40 айлық есептік көрсеткіш
		<p>Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелі (ері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын әрекет жасаушылардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына" белгісімен марапатталған азаматтардың, жалпы сырқаттанудың, еңбекте мертігудің және басқа да себептердің (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылғандардың екінші рет некеге отырмаған әйелі (ері)</p>	40 айлық есептік көрсеткіш
5	1 маусым – Балаларды қорғау күні	16-18 жастағы барлық топтағы мүгедек балалар, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	5 айлық есептік көрсеткіш
6	29 тамыз – Семей сынақ ядролық полигонының жабылу күні	Семей сынақ ядролық полигонында ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен тұлғаларға	20 000 теңге
7	30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні	Асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (балаларға) алушыларға	8 айлық есептік көрсеткіш
		Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға	60 айлық есептік көрсеткіш
		Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алмайтын тұлғаларға	36 айлық есептік көрсеткіш
		Барлық топтағы мүгедектер, 16-18 жастағы барлық топтағы мүгедек балалар, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушыларға	5 айлық есептік көрсеткіш
8	1 қазан – Халықаралық қарттар күні	Жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және 70 жастан жоғары зейнеткерлерге	2 айлық есептік көрсеткіш
	6 қазан –		

9	Қазақстан Республикасының мүгедектер күні	Барлық топтағы мүгедектер, 16 жастан 18 жасқа дейінгі барлық топтағы мүгедек балалар, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар	5 айлық есептік көрсеткіш
10	16-17 желтоқсан -	Барлық топтағы мүгедектер, 16-18 жастағы барлық топтағы мүгедек балалар, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушыларға	5 айлық есептік көрсеткіш
	Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні	Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарға	50 айлық есептік көрсеткіш

Ескерту:

Аббревиатураларды ажыратып жазу:

"Чернобыль АЭС" - "Чернобыль атом электр станциясы"